

# **Сабақтың тақырыбы: Қазақ киносының атасы**



”””” ““““



”





”””” ““““



”

OB







**Шәкен**  
**Айманов**  
**1914 – 1970жж.**



**Шәкен Айманов - Алдар көсе рөлінде**




**Шәкен Айманов – Жамбыл  
Жабаев рөлінде**



**Шәкен Айманов - режиссер**



# Тірек сөздер

- Сыйлығының иегері – обладатель премии
  - Бейне – образ
  - Әуестенеді – увлекается
  - Сала – отрасль
  - Шындады – реализовал
  - Өнімді – продуктивный
  - Қалыптастырды – сформировал
- 

# Шәкен Айманов

Айманов Шәкен Кенжетайұлы 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Шәкен Айманов – қазақтың әйгілі актері, режиссер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Шәкен орта мектеп бітірген соң, Семейдегі педагогикалық техникумға оқуға түскен. Осы кезден бастап театр өнерімен әуестенді. 1933 жылы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ драма театрға жұмысқа қабылданды. Осы театр сахнасында жиырма жылдай еңбек етіп, әртістік шығармашылығын шыңдады. Алғашқы ролді Погодиннің «Менің досым» пьесасында ойнады. Кейін Қодар, Жамбыл, Алдар көсе, Қобыланды, Сатин, Отелло рөлдерін ойнады. Театрдың бас режиссері болды. Ол қазақ театр мектебін қалыптастырды. 1953 жылдан бастап, қазақ кино өнері саласында өнімді еңбек етті. Қойған көркем суретті фильмдері: «Махаббат туралы аңыз», «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», т.б. Ш.Айманов қойған «Абай» спектакліне 1952 жылы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

# Сұрақтарға жауап беру

- 1. Шәкен Айманов қай жылы және қайда дүниеге келді?
- 2. Шәкен Айманов кім?
- 3. Орта мектеп бітірген соң, қайда оқуға түседі?
- 4. Осы кезде ол немен әуестенеді?
- 5. Қай жылы ол Қазақ драма театрының құрамына алынады?
- 6. Осы театрда Шәкен неше жыл еңбек етті?
- 7. Театрда ол кім болып жұмыс істеді?
- 8. Шәкен алқашында қандай рөлдер ойнады ?
- 9. Қай жылдан бастап, кино өнері саласында еңбек етті?
- 10. Шәкен қандай суретті фильмдері бар?
- 11. Ол М.Әуезов атындағы Мемлекеттік драма театрының сахнасында неше жыл еңбек етті?
- 12. Ш.Айманов қойған «Абай» спектакліне қай жылы Мемлекеттік сыйлығы берілді?

# Үйге тапсырма

**“Егер де мен режиссер болсам”**

тақырыбына шағын шығарма (кемінде  
100 сөз) жазу

